

«Білім көзі кітапта»

Ы. Алтынсарин атындағы Арқа-лық мемлекеттік педагогикалық институтының негізінде «Физика және математика» кафедрасымен Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжді Елбасы Н. Э. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы «100 жаңа оқулық» жобасы аясында бірлескен «Білім көзі кітапта» тақырыбында қалалық семинар өтті.

Семинарга кафедраның профессор-оқытушылар құрамы, физика және математика мамандығының 3, 4 курс студенттері мен колледждің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасының «100 жаңа оқулық» жобасы бойынша бекітілген колледждіскері Гүлхашима Оразова, кітапханашысы Екатерина

Қолдасбаева, аудармашысы колледж Әсемгүл Сейдахметова, сонымен қатар колледждің 2 курс студенттері қатысты.

Семинар барысында кафедра оқытушылары Институтқа «100 жаңа оқулықты» аудару жобасы аясында аударылып, қолданылса берілген 17 кітапты таныстырып, кітаптарға жеке-жеке шолу жасап, жалпы мазмұнына тоқталып етті. Бұл кітаптар саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, дінттану, лингвистика, экономика, менеджмент, кәсілкерлік ғылымдары бағыты бойынша болды. Студенттер де барынша белсенді атсалысып, көкейлеріндегі сұрақтарына жауап тауып жатты. Әрине қазіргі заман талабы өз қатарынан қалмай заманыңмен ілесіп жүр. Бұл кітаптар әлемнің озық оқу орындарының тәжірибесінен етken таптырмас қазына десек те болады. Шет елдің кітаптарын

ең тілімізде оку, олардан білім алу біздің жастарымызға беріліп отырған зор мүмкіндік.

Осы орайда «100 жаңа оқулық – қазақ ғылымының жаңа белесі» тақырыбына Баяндама (Баяндамашы Ә. Сейдахметова) жасалды. Баяндамада «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасының «100 жаңа оқулық» жобасы бойынша осы уақытқа дейін атқарылып жатқан жұмыстар, бұл жобаның бізге берер пайдасы, болашақ жоспарлар мен жұмыс нәтижелері туралы Баяндады.

Бірлесіп атқарылған семинар өз деңгейінде өтті. Бұл оқулықтар ЖОО-на беріліп отыр, біздің студенттер үшін кітаптармен танысуға жақсы мүмкіндік. Қатысқан колледж оқытушылары ректор атынан «Алғыс хаттармен» маралаттады.

Әсемгүл
СЕЙДАХМЕТОВА,
колледж аудармашысы.